«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев

Шекарашылар күніне арналған «Отан күзетінде» атты мерекелік концерт

«Шекарашы күні» мерекесіне орай салтанатты кеш пен концерттік шараны өткізу бағдарламасының
СЦЕНАРИЙІ

Өтетін орны: Абай МДК

Жүргізуші:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құрылғанына 33-жыл толуын атап өтуге арналған салтанатты кешімізге қош келдіңіздер!»
(Қазакстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады)

Жүргізуші:
1992 жылғы 18-тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Шекара әскері құрылды».

Мемлекеттік шекараның біріктігі елдіктің басты белгілерінің бірі.Сондықтан еліміздің мемлекеттік шекарасын шегендеп,,ргемізді мылғымастай етіп бекіту жолында кешенді жұмыстар жүргізілді.18 – тамыз осы ел тыныштығы үшін күндіз-түні күзетте түрған шекарашылардың кәсіби мерекесі.Ал,биыл Қазақ Еліндегі Шекара қызыметінің құрылғанына 33 жыл.

Шекараны қорғайтын,
Аман болсын жігіттер.
Бірліктері жарасып,
Ақталсын бар үміттер.

Концерттік номер

1.
2.
3.

Жүргізуші: Шекара – егемендігіміздің тұтастығының кепілі. Қай ел болмасын мемлекет екендігін айқындайтын әрине оның шекарасы. Бүгінде ата-бабаларымыз аңсап кеткен тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді ел атанып, шекарамызды бекіттік. Еліміз Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан мемлекеттерімен шектеседі.Туған жерін,елін күндіз түні көз ілмей қорғап,үлкен жауапкершілікпен күзету - шекарашы сарбаздың ең басты міндеті.«Туған жердің шекара шебінде жүру әркімге бұйырмайтын бақ»дейді дана халқымыз.Себебі ҚР-ның алдыңғы шебінде жүріп қызмет ету,мемлекеттік шекараны қорғау мен күзету- әркімге бұйырмайтын абыройлы міндет.

Концерттік номер

1.

2.

3.

Жүргізуші: Шекарашылар еліміздің шекарасын кірпік қақпай күзетіп, кез келген күмәнді оқиғаны қалт жібермей, қатаң түрде бақылап жүреді.Олардың міндеттеріне азаматтарды мемлекеттік шекара арқылы өткізіп,өткізу бекеттеріндегі тәртіп сақтап,бақылау,шекара шебіндегі мекемелерді қорғау сияқты істер кіреді.Шекарашы болу ең алдымен қырағылықты, ұқыптылықты, жауапкершілікті талап етеді. Себебі, біздің қызметте әрбір сағат санаулы,жылдам қимылдауымызды қажет етеді. Бауыржан Момышұлы атамыз “Тәртіпсіз ел болмайды,тәртіпке бағынған құл болмайды” деп бекер айтпаған.Нағыз ер азамат қана темірдей тәртіпке шыдап,Отан алдындағы міндеті мен парызын атқарады.

Концерттік номер

1.

2.

3.

4.

Жүргізуші: Нағыз ерге тән ауыр жүкті арқалап,халықтың тыныштығын күзеткен ер азаматтар кез келген марапатқа лайық. Шекарашыларымыз тәуліктің қай уақытында да ел мен жер үшін тынбай қызмет жасауда. Бұл біз үшін үлкен мәртебе.Мереке құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!